

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

«Феноменология, қабылдау, этика»





**Мақсаты:** әдебиет теориясын феноменология, қабылдау және этика ұғымдарымен сабақтастықта баяндау әрі оқырманның көркем туындының басты бағалаушысы ретіндегі рөлін дәйектеу; талдау барысында оқырманның әлеуметтік мәртебесі, сезімталдылығы және сана құрылымы басшылыққа алынады.

**Кілт тіркестер:** әлеуметтік бағдар, іргелі конституция, әлеуметтік мағына, рационалдылық.

**Негізгі идеялары:**

- Кант сананың туа бітетін күші туралы.
- Эдмунд Гуссерль және оның «феноменологиясы».
- Әдебиет – оқырман – мәтін.
- Әдебиеттің әлеуметтенуі.
- Саналы білімнің іргелі конституциясы.
- Кітаптар нысандар ретінде.

Дәрісімізде біз сіздермен әдебиет теориясының жаңа бөлімін бастаймыз. Ол феноменология, қабылдау мен этика мәселелерінің өзгеше тоғысуына негізделеді. Бұл бөлім де оқырманның әдеби туындыларды зерттеудегі орнын саралай отырып, интуиция, сезімге негізделген тәжірибе, әлеуметтік мәртебе ұғымдарын жүйелеуге бағытталады. Осы мақсатта сіздерге Кант, Гуссерль, Пуле және Бурдые сияқты ғалымдардың еңбектері ұсынылады.

XVIII ғасырда неміс философы Иммануил Кант өзіне дейінгі философтардың біздің идеяларымыз миымыздағы сезім арқылы орныққан қабылдауымыздан пайда болды деген ойларына жауап ретінде сананың туа бітетін күш-қуаты сезімге негізделген тәжірибені қалыптастырады деп қорытындылады. Осыған орай, білім адам миындағы сенсорлы ақпараттың тіркеушісі ретінде ғана емес, ол сана ұстанымына бағына отырып, уақыт және кеңістік сипатына ие болады деп есептелді.

Тәжірибеге қатысты сана міндеттемелерінің тізбегін анықтай келе, Кант олардың өнер мен этикада қолданылу идеясына ерекше ықылас танытты. Жоғарыда аталып өткен қағидаға сәйкес, өнер мақсатты деп қарастырылатын болса, мәселе сол мақсаттардың шынайы сипатына бағытталды. Көрсеткіштер «мақсатсыз мақсат» деген оймен байланыстырыла зерделенетіндіктен, Канттың айтуына қарағанда, біраз ғалымдардың өнерге қатысты тұжырымдары сенсорлы сипатпен дамып отырды. Оған қарағанда этика рационалды деп танылды.

Зерттеушілердің ойынша, барлық әрекеттер әмбебап және ортақ ұстанымдарды басшылыққа алуы керек, ал олардың әрқайсысы жекеленген жағдайларға қатысты қарастыруға болатындай негізделуі тиіс. Нақтырақ айтқанда, мәселенің бастауында эстетикалық шешімдерді де сол жаққа бағыттау керек пе деген сауал тұрды. Осыған орай, ғалымдар адамның өзгелермен қатынас тәртібін реттейтін этика әлде-қайда рационалды және мақсатты болу керек деп санады. Адамзат болмысының осы өзара сабақтасқан табиғатында Кант ақыл-сананың траекториясын немесе кеңістігін этикалық шешімдер мен әрекеттер тізбегін қалыптастырумен дәйектеді.

Канттың сананың туа біткен қабілеті туралы идеясы бір жарым ғасырдай ұмыт қалды. Оның қайта жаңғыруына неміс философы Эдмунд Гуссерльдің ықпалы зор болды. Гуссерль сана күшіне қайта орала отырып, он тоғызыншы ғасырдың пәлсапалық басымдығын құраған позитивизм заңдылықтарын жоққа шығаруға тырысты. Позитивистердің пікіріне сәйкес, эмпирикалық деректер білімді негіздей отырып, оның пайдалылығымен өлшенетін болған, бұл тұрғыда білімнің әмбебап ұстанымдары мүлдем есепке алынбайтын болды. Аталмыш бағыттың өкілдері сана туралы ойлаудың да, оның жұмыс істеу ұстанымдарына мән берудің де қажеті жоқ деген көзқараста болды. Олар үшін сана тек фактілердің пайдалылығын анықтайтын жазып алушы құрал ретінде қабылданды.

Алайда сана тек сенсорлы деректерді басқаратын болса, қалайша пәлсапа шешім қабылдау қағидастарына жүгінетін болған, яғни жақсы әрекет пен жаман әрекетті айыруға көмектесетін шындықты қалай анықтауға болады? Осы сұрақтарға жауап беру мақсатында ғалымдар сенсорлы деректердің жеткілікті деңгейін олардың рационалды табиғатымен сабақтастыруға



тырысты. Бұл кезде басшылыққа білім мен тәрбие мәселелері алынды. Гуссерль аталмыш мәселенің шешімін әлемдегі ғалам туралы білімнің барлығы да білімнің бастауын құрайды деген тұжырыммен байланыстырды, өйткені біздің санамызда заттың өзі емес, оның бейнесі көрініс табады деп есептелді. Бұл ментальды нысандар құбылыстар деп аталды. Гуссерль пәлсапасы сол құбылыстарды зарттеуге бағытталып, феноменология деп аталды.

Кант сияқты Гуссерль де сана сенсорлық деректерді универсалды тұтасқан ұстанымдарға өзгертті деп түсінді. Олар бірде шартты, бірде абстарктілі деп танылды. Мысал ретінде теоретик геометрия заңдарына жүгінуді дұрыс көрді. Ғалымның айтуынша, геометрия ілімі арқылы дұрыс үшбұрышты елестетуге болады, ол ментальды конструкция секілді. Дегенмен әлемдегі бірде бір үшбұрыш шартты кемелдену дәрежесіне жете алмайды деп түсіндірілді. Ғалым мысалдарды салыстыра отырып, сананың да шындыққа дәл осындай жолмен келетінін дәйектейтін қорытындыға келді. Нәтижесінде бұл жол деректерден таза шартты да ментальды конструкцияларды, яғни заттарды ала отырып жүзеге асырылады деп тұжырымдалды. Заттың өзі емес, ол туралы идея шынайылықты таныта алады деп есептелді.

Әрине, сананың туа бітетін интуитивті әрекеттері әлемді тану мен ойлау барысында аса қажет әрі маңызды. Олар шындықтың сенсорлық деректермен шектелмейтін және сананың өзін қабылдайтын трансцендентті ұстанымдарын түсінуге мүмкіндік береді. XX ғасырдың дамуы барасында біраз өзгерістердің орын алғанын байқауға болады. Джон Дьюи, Мартин Хайдеггер, Людвиг Витгенштейн мен Жан-Поль Сартр сияқты философтар адамдар ғаламда қалай өмір сүру керектігін біледі деп жазды. Тіпті білімнің абстарктілі түрлеріне сүйенген күннің өзінде өмір туралы барша білім шынайы деп танылды. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың бас кезінде дүниеге келген теориялық еңбектер бұл ойды тереңдете түсті. Эммануэль Левинастан Жак Дерридаға дейін және Марта Нуссбаумды қоса алғанда, ойшылдар адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы, шын мәнінде, шебер әртістік ұстанымға бағытталды деп есептеді. Олардың санасындағы этика абстаркт ұстанымдарға қарағанда, адамның өзімен тікелей байланысты қарастырылды, сол себепті «өзге» деген ұғымның астарында адам баласының өзімшілдігі шектеліп, өзгелерге деген жауапкершілігі күшейе түседі деп ұғынылды.

Білімді адамзат өмірінің ажырамас бөлшегі деп тану әдебиеттегі уақытпен шектелу ұғымын туындатты. Сонымен, әдеби туындының жарық көруі және басылуы мүмкін деп есептелді. Алайда жалпы тұжырымдарға сәйкес, тек терең талқылаудан өткен шығарманың маңызын анықтауға болады, себебі тек оқырманның санасы ғана оның конституциясының бір бөлшегі бола тұра, ұсынылған ақпаратты жан-жақты өңдей алады деп тұжырымдалды. Демек, әдебиетке реляциялық және тұрақсыз сипат тән деп түсіндіріледі. Әр түрлі тарихи және әлеуметтік жағдайлармен дәйектелген адамдардың қабылдаулары да бірдей болмасы хақ.

Вольфганг Изердің тұжырымдауынша, әдебиет аудиторияға әсер етеді, ал оқырман мәтінде меңзеледі. Стэнли Фиш феноменологиясы әдеби мәтіндер жасырын келеді деп есептеді, олар тек оқырман санасымен ғана ашылып, белсенді әрекетке түседі. Шын мәнінде, оқылмаған мәтінді бар деп айтудың өзі де қиын болар. Ханс Роберт Яус өзінің «Қабылдау эстетикасы жолында» атты еңбегінде мәтіннің әлеуметтік және тарихи өлшемдеріне ерекше мән берді. Автордың айтуына қарағанда, мәтіндер дәуір ағымына қарай өз мазмұнын өзгертіп отырады. Пьер Бурдьё «Айырмашылықтар: талғам тұжырымындағы әлеуметтік сын» атты эссесінде әр түрлі әлеуметтік кластар немесе деңгейлер өнерді әр қалыпта өңдейді деп атап көрсетті. Айталық, білім дәрежесі төмендеу адамдар нақты шынайы туындыларға практикалық басымдық береді, ал білімі жоғары адамдар сапаны шартты тәжірибеге сабақтастырады делінген. Ол Канттың өнерді бұлыңғыр мақсатпен өлшеген ерекшелігін де тек белігілі бір әлеуметтік топқа қатысты болатын құбылыс деп қарастырды.

Джулия Ривкин мен Майкл Райан Антологияның аталмыш бөлімінде феноменология, қабылдау және этика мәселелерін сабақтастыра отырып, әдеби мәтіндер мен әдеби кейіпкерлерге бағытталған авторлық қарым-қатынасты этиканың сынақ алаңы деп түсіндірді. Әдебиеттанушылар үшін сананың әдебиетпен байланысы аса маңызды болды. Сол арқылы эмпатияның даму ерекшелігі айқындалды. Авторлардың айтуына қарағанда, этика үшін өзгелерге көмектесу, олардың қамын ойлау, олардың өмірін өз ғұмырыңдай сезіне білу аса маңызды болды. Бұл үдеріс оқырманның кітапты оқи отырып, өз басынан өтіп жатқан оқиғалардай елестете алар қабілетімен салыстырылды.



Әдебиет теориясында феноменология, қабылдау және этика мәселелерін талдау барысында Иммануил Канттың «Трансцендентальды эстетикасы», Жорж Пуленің «Оқылым феноменологиясы», Пьера Бурдьенің «Айырмашылықтары» негізге алынды.

Кант атап өткендей, аталған бөлімдердің әрқайсысы «саналы білімнің іргелі конституциясын» (1) талқылауға бағытталды. Кез келген түсініксіз талдауларды болдырмау мақсатында аталмыш тұжырымды сыртқы әлемді интуитивті түрде қабылдау заңдалықтармен байланыстыра түсіндіру керек болды. Канттың тұжырымдауынша, «интуиция дегеніміз – сыртқы келбет туралы түсінік... Сыртқы келбет ретінде олар бөлек-бөлек тіршілік ете алмайды. Олар біздің ішкі әлемімізбен тоғысады. Қай нысандардың өз-өзімен дербес бола алатынын бізге танып білу қиындау. Біз өз қабылдау үлгімізден басқа пішіндерді білмейміз де... Кеңістік пен уақыт – бұлар оның таза пішіндері, ал сезіну – олардың материясы. Тек бір ғана нәрсені біз нақты біле аламыз және сол білгеніміз ғана таза интуиция білімі деп аталады. Бізге тек өзіміздің ғана сезімталдығымыз тән...».

Бос бөлменің ортасында ашық тұрған кітап пен оның әлі оқылмаған қалпы авторды көп жанама ойларға жетеледі. Осыған орай, Пуле: «Кітаптар дегеніміз – нысандар... Үстелдің үстінде, кітап сөрелерінде, дүкеннің сатылымдарында олар өз оқырманын күтіп тұрғандай. Олар келген оқырман кітаптарды материалдық қоғалыссыз кейіптен ажырата алатындай сезінеді. Мен оларды экраннан көрген кезде де кішкентай клеткалардағы жануарларды көргендей боламын... барлығы өзінің сатып алушы адамын күтіп тұрғандай әсерде боласың. Жануарлар да өз тағдырының сатып алар адаммен тығыз байланысты боларын сезетіндей. Бұл да кітап сияқты емес пе? Қағаз бен қаламнан жасалған туындылар да қойылған жерден қозғалмай, өзіне қызығушылық танытатын оқырманын күтетіндей. Олар күтуде... Адам әрекеті ғана оларды өзгертетінін олар сезе ме екен? Олар сол үмітпен күтіп тұрғандай. Олар адамдарды оқыңдар деп шақырып тұрғандай... Маған кітаптарға қарсы тұру қиын-ақ. Жоқ, кітаптар жай ғана нысандар емес...», – деп жазды.

Әдебиет қабылдау мен терең түсінудің нысаны ретінде теоретиктердің назарын өзіне аударды. Бастапқы дәрістерде атап өткеніміздей, кітап, кино, театр – барлығы өнердің түрлері ретінде оқырман, көрермен, тыңдаушы әлемімен сабақтаса отырып, жаңа өмірге жолдама алуға көмектесетіндей. Осы орайда, суретшінің көркем туынды авторы ретіндегі және оқырманның сол әлемді танушы есебіндегі байланысы жаңа әдеби-теориялық түсініктердің негізін қалады деп айтуға болады.

Кэтлин Маккормиктің тұжырымдауынша, соңғы он жылдықта мәдениеттану саласындағы көптеген ғалымдар аудиторияны өз әлеуметтік дискурстарына сәйкес қана баяндайтын, күші жоқ нысандар деп қарастырған детерминистік бағытқа қарсылық танытты. Мәтіндік детерминизм бағытын нысанға алған Стюарт Холл, Пол Виллемен мен Дэвид Морли сияқты теоретиктер оқырмандар жай мәтін нысаны ғана емес, олар сонымен қатар әлеуметтік тақырыптар да бола алады деп тұжырымдады. Олар белгілі бір әлеуметтік формацияда өмір сүріп, әртүрлі күрделі мәдени жүйелерге бойлай алады, себебі олар үшін мәтін тек бір ғана компонент болады деп қарастырылды (1). Мәтіндер оқырманның белгілі бір мағынаға басымдық беруін көздесе де, Холлдың пікірі бойынша, біраз оқырмандар мәтінмен сабақтасқан нұсқа құрайды, оның құрамында әрі үйлесімді, әрі оппозициялық элементтер орын алады. Морли болса, оқырманның ойында туындайтын ұғымдық не мағыналық кеңістіктің олардың білім деңгейіне, әлеуметтік тегіне байланысты болатынын мойындай келе, субъективтілік теориясындағы жаңа өзгерістерді ерекше атап өтті. Бұл ретте талдау нысанын кино мен телевизия анықтады. Нәтижесінде оқырман да, көрермен де белсенді де тұрақты агенттер деп қарастырылды.

«Талғам дегеніміз – ерекшелену және бағалау мақсатынан туындаған талпыныс» деген Кант ойларына сілтеме жасай отырып, Пьер Бурдьеге габитус құрылымы мен классификациялаудың бастапқы түрлері туралы талқылады. Әдебиеттанушы олардың тиімділігін сана мен тіл деңгейлерінен төмен дәрежеде қызмет ететін ерекшелігімен сабақтастырды, ғалым оларды интроспективті бақылау мен еркіне сәйкес қадағалау үлгілерінен тыс қарастырды. Бурдьеге олар әлеуметтік әлемді бағалау кезінде ең фундаментальды ұстанымдарды іске қосады деп тұжырымдады. Автор: «Талғам дегеніміз – таратудың практикалық шеберлігі. Ол – әлеуметтік қауымдастықтағы адам ретінде біздің неге қол жеткізе алатындығымызды анықтауға және



сезінуге мүмкіндік беретін ерекшелік. Ол әлеуметтік бағдар, өз орнын сезіну ретінде қызмет атқарады. Сол арқылы әлеуметтік кеңістіктегі тұрғындарды олардың әлеуметтік позицияларына сәйкес бағыттау мүмкіндігі туады. Бұл әлеуметтік мағынаға ие әрі практикалық құндылығы басым міндеттерді айқындайды...», – деп қорытындылады.

Әдебиет туралы ғылымда адам қоғам мүшесі, психофизиологиялық ерекшеліктерден құралатын индивид, ойлау арқылы өзі іспеттес басқа субъектілермен қарым-қатынас жасайтын тұлға ретінде танылады. Оның антропологиялық тұжырымдары да өз алдына жеке емес, өзге ғылыми жүйелермен, теориялармен байланыса өрбитін маңызды жүйе деп қабылданады. Қатысымдық прагматика, дискурс теориясы, когнитивтік антропология, әлеуметтік психология, жасанды интеллект, әдебиет теориясы сияқты ілімдердің қай-қайсысы да көркем шығарма мен танымның өзегін құрайтын адамдық фактордың құндылығын дәйектеуге мүмкіндік бере отырып, ұғымдар сабақтастығын, талғам көкжиегін қалыптастыруға көмектеседі. Адам мен оның өзіндік әлемі сана мен танымның барша жетістіктерін айқындайтын маңызды амалдардың бірі болып табылады. Адамның рухани әлемі мен қоршаған дүние негіздері өзара тығыз байланыста дами отырып, оның ойлау, сөйлеу, тану, қабылдау әрекеттерін түсіндіруге, қатысымдық болмысын негіздеуге және белгілі бір тақырыптық идеялық мазмұнда өрбітуге жол ашады.

Қысқа шолудан кейін біз жоғарыда аталған еңбектердің әрқайсысына арнайы тоқталуды көздеп отырмыз. Негізгі ойдың желісі маңызды ғылыми ұғымдарды саралауға бағытталатын болады. Диалектикалық ұстанымдардың алғашқы жігін құраған антропологиялық шарттар қазіргі қазақ ғылымында маңызды мәселелердің шешілуіне себепкер болып отыр. «Адам факторы», «Адамтану» сияқты ұғымдарды әдеби зерттеулерге арқау еткен Ә. Қайдардың лингвистикалық тұжырымдамасында антропоцентристік факторлар адамның рухани табиғатын анықтауға, оның болмысы туралы кешенді тұжырым жасау мақсаттарын көздеуге негізделеді. Адамды барша танымдық, психологиялық, қоғамдық, ұлттық мүдделердің тоғысқан орталығы деп қарастыру – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының маңызды бөлігі, жаңаша даму бағыты. Әдебиетті «Адамтанудың» басты құралы ретінде тану дегеніміз – «табиғи реттіліктің» көзіне айналған «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» ұғымдарын «макротақырыптарға» сүйене талдау негізі деп тұжырымдауға болады, себебі адам жан-жақты үдерістердің сабақтасуын қамтамасыз ететін әрі құбылыс, әрі «...сол табиғаттың өзін танып-білу санасы қалыптасқан қауым», әрі «... сол саналы қауымның ұйытқысы» болып табылады.

### Бақылау сұрақтары

1. Сананың туа біткен күштері туралы Кант идеясының мәні неде?
2. Эдмунд Гуссерльдің феноменологиясын қалай түсіндіруге болады?
3. Келесі сәйкестіктердің мағынасын ашыңыз: әдебиет – оқырман – мәтін.
4. Әлеуметтік контекст әдебиетте қалай көрініс тапты?
5. Саналы білімнің іргелі конституциясының өзектілігі қандай?
6. «Кітап дегеніміз – нысандар» деген тұжырымның мәнін түсіндіріңіз.

### Қолданылаған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 293–295 беттер.